«6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының «Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын жеңудегі белсендендіруші технологиялар (Шымкент қаласы мысалында)» атты диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының «Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын жеңудегі белсендендіруші технологиялар (Шымкент қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі әлеуметтік жұмыс ғылымы мен тәжірибесі үшін аса өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертацияда қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы көпөлшемді әлеуметтік құбылыс ретінде теориялық және эмпирикалық тұрғыдан жан-жақты талданып, оны еңсеруге бағытталған белсендендіруші технологиялардың мазмұны, құрылымы және іске асыру тетіктері негізделген. Зерттеу жұмысы ғылыми мәселені терең пайымдауымен, заманауи теорияларды жүйелі қолдануымен, эмпирикалық базасының мазмұндылығымен және әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне бағытталған қолданбалы сипатымен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмыс саласындағы өзекті ғылыми ізденіс ретінде жоғары бағалауға лайық деп санаймын.

Зерттеу өзектілігі сенімсіздік тудырмайды. Диссертациялық зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғамдағы демографиялық өзгерістермен, атап айтқанда халықтың қартаю үдерісінің жеделдеуімен және осыған байланысты қарт адамдардың әлеуметтік жағдайының күрделенуімен айқындалады. Қазақстан жағдайында қарт адамдар санының артуы олардың өмір сапасын қамтамасыз ету, әлеуметтік қатысуын кеңейту және әлеуметтік эксклюзия тәуекелдерін төмендету мәселелерін мемлекеттік және ғылыми деңгейде әлі де зерттеуді талап етеді.

Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы тек табыстың төмендігі немесе денсаулық жағдайының нашарлауымен шектелмейтін, экономикалық, әлеуметтік, институционалдық, кеңістіктік, символдық және цифрлық факторлардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын көпқырлы құбылыс болып табылады. Бұл мәселе әсіресе өңірлік деңгейде, оның ішінде Шымкент қаласы мен Түркістан облысы сияқты әлеуметтік-экономикалық, мәдени және инфрақұрылымдық ерекшеліктері айқын аймақтарда ерекше көрініс табады.

Қазіргі таңда әлеуметтік саясатта қарт адамдарды қолдаудың дәстүрлі патерналистік модельдері жеткіліксіз болып отыр. Осыған байланысты қарт адамдардың әлеуетін, тәжірибесін және қоғамдағы белсенді рөлін мойындайтын, олардың әлеуметтік, цифрлық және азаматтық қатысуын кеңейтетін белсендендіруші тәсілдерге көшу қажеттілігі туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсерудің тиімді тетіктерін, соның ішінде белсендендіруші технологияларды ғылыми негіздеу, оларды әлеуметтік жұмыс жүйесіне енгізу жолдарын айқындау зерттеудің ерекше өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының көпөлшемді табиғатын теориялық және эмпирикалық тұрғыдан негіздеу және оны еңсеруге бағытталған белсендендіруші технологиялардың тиімді моделін әзірлеу болып табылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес диссертацияда бірқатар ғылыми міндеттер қойылып, жүйелі түрде шешімін тапқан. Атап айтқанда:

- қарттық пен әлеуметтік эксклюзия ұғымдарының теориялық-әдіснамалық негіздері талданып, олардың эволюциясы мен қазіргі ғылыми парадигмалардағы орны айқындалған;

- қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының құрылымы мен негізгі детерминанттары анықталған;

- Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында қарт адамдардың әлеуметтік жағдайының өңірлік ерекшеліктері эмпирикалық деректер негізінде сараланған;

- қарт адамдардың өмірлік траекториялары мен әлеуметтік тәжірибелері биографиялық талдау арқылы қарастырылған;

- сондай-ақ қарт адамдардың әлеуметтік инклюзиясын арттыруға бағытталған белсендендіруші технологиялардың мазмұны мен құрылымы жүйеленіп, оларды әлеуметтік жұмыс практикасына енгізудің ғылыми негіздері ұсынылған.

Зерттеу әдіснамасы кешенді және пәнаралық сипатқа ие. Жұмыста сандық және сапалық зерттеу әдістері үйлесімі қолданылып, талдау жасалған. Эмпирикалық база ретінде Қазақстандағы қарт адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалауға арналған ұлттық социологиялық зерттеу нәтижелері пайдаланылған, автордың тікелей қатысуымен жүргізілген сауалнама деректері талданған. Сонымен қатар, қарт адамдармен жүргізілген тереңдетілген биографиялық сұхбаттар, институционалдық ортадағы тәжірибелерді талдау, сондай-ақ медиа-кейстерді сапалық тұрғыдан зерделеу арқылы алынған деректер кешенді түрде қарастырылған. Зерттеу барысында статистикалық талдау әдістері, салыстырмалы талдау, мазмұндық (контент) талдау, биографиялық әдіс, сондай-ақ теориялық жалпылау мен жүйелеу тәсілдері қолданылған. Мұндай әдіснамалық әртараптандыру зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз ететіндігі айқын.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын түсіндіру мен оны еңсеру жолдарын негіздеуде жаңа теориялық және қолданбалы нәтижелердің алынуымен айқындалады. Біріншіден, қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясы экономикалық немесе әлеуметтік қиындықтардың жекелеген көрінісі ретінде емес, денсаулық жағдайы, материалдық ресурстар, әлеуметтік байланыстар, кеңістіктік орта, институционалдық қолжетімділік, символдық мәртебе және цифрлық инклюзия арасындағы өзара ықпалдасу негізінде қалыптасатын көпөлшемді және динамикалық жүйе ретінде теориялық тұрғыдан негізделген. Бұл тәсіл әлеуметтік эксклюзияны талдауда құрылымдық және субъективті факторларды кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, қарт адамдардың әлеуметтік жағдайы олардың өмірлік жолында жинақталған теңсіздіктермен (cumulative disadvantage) және әлеуметтік ресурстарға қолжетімділік деңгейімен өзара байланыста қарастырылып, әлеуметтік эксклюзияның қалыптасу механизмдері өмірлік траекториялар арқылы эмпирикалық тұрғыдан дәлелденген. Үшіншіден, Шымкент қаласы мен Түркістан облысы мысалында қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясының өңірлік ерекшеліктері анықталып, қала мен ауыл арасындағы айырмашылықтар, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, әлеуметтік қызметтердің теңсіздігі және цифрлық алшақтық факторларының әсері жүйелі түрде талданған. Төртіншіден, қарт адамдардың әлеуметтік инклюзиясын арттыруға бағытталған белсендендіруші технологиялардың жүйесі ұсынылып, олардың құрылымы, мазмұны және іске асыру тетіктері әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы тұрғысынан негізделген. Бесіншіден, қарт адамдарды қолдаудың дәстүрлі патерналистік моделінен олардың әлеуетін, тәжірибесін және қоғамдағы белсенді рөлін мойындайтын инклюзивті және белсенді қатысуға негізделген модельге көшу қажеттілігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын түсіндірудің ғылыми негіздерін тереңдетумен және оны көпөлшемді, көпдеңгейлі

әлеуметтік құбылыс ретінде жүйелі түрде қайта қарастырумен айқындалады. Диссертацияда әлеуметтік эксклюзия экономикалық немесе әлеуметтік қиындықтардың жекелеген көрінісі ретінде емес, құрылымдық және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуінен қалыптасатын күрделі әлеуметтік жүйе ретінде негізделген. Жұмыста қарттықты зерттеудің заманауи теориялық бағыттары – өмірлік жол тұжырымдамасы (life-course), жинақталған теңсіздіктер теориясы (cumulative disadvantage), тұлға–орта өзара байланысы тәсілі (person-in-environment), сондай-ақ әлеуметтік эксклюзияның көпөлшемді модельдері (Bristol Social Exclusion Matrix – B-SEM) – кешенді түрде қолданылып, өзара ықпалдастырылған. Бұл қарт адамдардың әлеуметтік жағдайын жеке өмірлік тәжірибелер мен институционалдық орта арасындағы өзара байланыс арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, диссертацияда қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын талдауға цифрлық өлшемді енгізу арқылы оның қазіргі қоғам жағдайындағы жаңа қырлары ашылған. Цифрлық теңсіздік факторын әлеуметтік эксклюзия құрылымының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыру зерттеудің теориялық жаңашылдығын күшейтеді. Яғни, зерттеу нәтижелері әлеуметтік жұмыс теориясын дамытуға, қарттықты көпөлшемді тұрғыда түсіндіруге және әлеуметтік эксклюзия феноменін кешенді талдаудың жаңа аналитикалық шеңберін қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін қарт адамдарды әлеуметтік қолдау және әлеуметтік инклюзияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруде, әлеуметтік жұмыс практикасын ұйымдастыруда және нақты әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Диссертацияда ұсынылған қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын еңсеруге бағытталған белсендендіруші технологиялар жүйесі әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және қауымдастықтық бастамалардың жұмысында тиімді пайдаланылуы мүмкін. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері қарт адамдардың әлеуметтік, цифрлық және азаматтық қатысуын арттыруға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруда, олардың әлеуметтік ресурстарға қолжетімділігін кеңейтуде және өмір сапасын жақсартуда қолданбалы мәнге ие.

Ғылыми зерттеу нәтижесінде қарт адамдардың эксклюзиясын еңсеруге бағытталған технология ретінде «Әлеуметтік ресурс орталығы» мен «Әлеуметтік ауыл» модельдері ұсынылған. Бұл модельдер қарт адамдардың әлеуметтік, мәдени және цифрлық интеграциясын қамтамасыз етуге бағытталған және әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне енгізуге болатын нақты механизмдер ретінде негізделген. Сонымен қатар, диссертацияда негізделген әлеуметтік жұмыс модельдері мен ұсыныстар қарт адамдармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби қызметін жетілдіруге, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің тиімділігін арттыруға, инклюзивті әлеуметтік орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының «Әлеуметтік жұмыс», «Әлеуметтану» және «Геронтология» бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларында оқу материалы ретінде, сондай-ақ біліктілікті арттыру курстарында пайдалану мүмкіндігі де зерттеудің практикалық құндылығын арттырады. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі қолданылған теориялық тұғырлардың жүйелілігімен, зерттеу әдіснамасының кешенділігімен және эмпирикалық деректердің жеткіліктілігімен қамтамасыз етіледі.

Диссертациялық жұмыста сандық және сапалық зерттеу әдістерінің үйлесімді қолданылуы, деректерді әртүрлі көздерден жинау және оларды өзара салыстыра талдау (триангуляция) зерттеу нәтижелерінің валидтілігін арттырады. Эмпирикалық база ретінде пайдаланылған ұлттық деңгейдегі социологиялық зерттеу деректері, сондай-ақ

автордың тікелей қатысуымен жүргізілген сауалнамалар мен тереңдетілген сұхбаттар зерттеу қорытындыларының репрезентативтілігі мен ғылыми негізділігін күшейтеді. Зерттеу барысында алынған нәтижелер заманауи статистикалық және сапалық талдау әдістері арқылы өңделіп, жүйеленген. Қолданылған әдістер зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және алынған қорытындылардың дәйектілігін қамтамасыз етеді. Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер жеткілікті дәрежеде негізделген, сенімді және ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс құрылымы жағынан логикалық тұрғыдан бірізді, мазмұны жүйелі және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыстың теориялық және эмпирикалық бөлімдері өзара тығыз байланыста қарастырылып, алынған нәтижелер ғылыми негізде тұжырымдалған. Диссертант зерттеу тақырыбын терең меңгергенін, ғылыми дербестігі мен нәтижелерін сапалы талдау арқылы дәлелдеген. Ғылыми зерттеу әлеуметтік жұмыс саласындағы академиялық стандарттар мен ұсыныстарға толық сәйкес орындалған.

Диссертацияның мазмұны, рәсімделуі және ғылыми деңгейі философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Жақыпбек Айгерим Айдарбекқызының «Қарт адамдардың әлеуметтік эксклюзиясын жеңудегі белсендендіруші технологиялар (Шымкент қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және авторды философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті
университетінің аға оқытушысы,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты **Сарыбаева И.С.**

2. 03. 2026 ж.

НҰР-МҮБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
Кадрларды басқару бөлімі
EGYPTIAN UNIVERSITY OF ISLAMIC CULTURE NUR-MUBARAK

қолын растаймын
подпись заверяю
кадр бөлімі
отдел кадров